

Келісемін:
«Ақбота» бөбекжайы
МКҚК әдіскері
 М.Н. Обиох



Бекітемін:
«Ақбота» бөбекжайы
МКҚК басшысы
А. Е. Мынбаева

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023- 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы(балабақша)

Топ «Ботакан»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан 2023 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|------------|----------------------------------|---|
| Желтоқсан | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөздік қор Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: түрмистық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.</p> <p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.</p> |

| | | |
|--|-----------------------------------|--|
| | Көркем әдебиет | <p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p> <p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауди әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p> |
| | Математика негіздері | <p><u>Шама</u></p> <p>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.</p> |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | <p><u>Менің Отаным – Қазақстан</u></p> <p>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскери туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.</p> <p>Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.</p> <p><u>Адамгершілікке баулу</u></p> <p>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырылғы танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет</p> |

| | | |
|--|-------------------|--|
| | | <p>еткен баланың әрекеттерін қолдауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке тәрбиелу. Жағымсыз қылыштары үшін ұяты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдастынан кешірім сұрауға баулу.</p> |
| | Құрастыру | <p>Қағаздан құрастыру</p> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршиқтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p> |
| | Сурет салу | <p>Заттықсурет салу.</p> <p>Дөңгелек, сопак, шаршы, ұшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.</p> <p>Сюжеттік сурет салу:</p> <p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопак, шаршы, тікбұрыш, ұшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p> <p>Сәндік сурет салу.</p> <p>Балалардың гүлдер, қоршаган заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызыл сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p> |
| | Мүсіндеу | <p>Заттық мүсіндеу</p> <p>Ертеғілер мен қоршаган өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда</p> |

| | | |
|--|----------------|--|
| | | <p>міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p>Сюжеттік мұсіндеу</p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мұсіндеуге баулу.</p> <p>Сәндік мұсіндеу:</p> <p>Дайын мұсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазак оюларының элементтерімен безендіру.</p> <p>Мұсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> |
| | Жапсыру | <p>Заттықжапсыру:</p> <p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.</p> <p>Сюжеттікжапсыру:</p> <p>Тар жолақтарды көлденеңінен қиоды, шаршының бұрыштарын қиоды үйрету.</p> <p>Сәндік жапсыру.</p> <p>Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақхалқыныңсәндік-қолданбалыөнериментаныстыру.</p> |
| | | |

| | | |
|--|----------------|--|
| | Эн-күй | <p>Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам).</p> <p>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенде таза және сөздерді анық айтуда үйрету.</p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуда үйрету.</p> <p>Музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, музиканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғакты жүгіру; музиканың ырғағын нақты бере отырып қимылдарды музикамен сәйкестендіріп жүргүге үйрету. Кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музиканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтауда үйрету. Ушбұрыш, маракас аспаптарда ойнау тәсілдерін дамыту және дағдыларын менгеруге үйрету.</p> |
| | Дене шынықтыру | <p>1.Объектілер арасында жүгіре білуге үйрету; бөренеге көтерілу қабілетін жақсарту.</p> <p>2.Тегіс шенберге секіруді үйретуді жалғастыру; заттар арасында жорғалау дағдысын бекіту.</p> <p>3. Бүйірлік баспалдақпен бөренемен жүруді үйрету; допты жоғары лақтыру және оны қағып алуды жақсарту.</p> <p>II) 1. Гимнастика қабырғасына көтерілу және төмен түсінді үйрену; допты жоғары лақтыру және оны қағып алу дағдысын бекіту.</p> <p>2.Бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалармен жүргүге үйрету; гимнастикалық қабырғаға өрмелейу дағдысын бекіту.</p> <p>3.Орнында екі аяқпен секіруге үйрету; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалармен жүру қабілетін бекіту.</p> <p>III)1.20 см көлбеу тақтада тепе-тендікті сақтай білуге үйрету, орнында екі аяқпен секіру дағдысын бекіту;</p> |

2. 20 см көлбеу тақтада тепе-тендікті сақтай білуге үйретуді жалғастыру; гимнастикалық қабырғаға өрмелуе дағдысын бекіту.

3. Тұрып ұзындыққа секіру техникасымен таныстыру; 20 см көлбеу тақтада тепе-тендікті сақтау қабілетін жақсарту.

IV) 1.Доптарды қақпаға домалау дағдыларын жетілдіру; тұрып ұзындыққа секіру техникасын бекіту.

2.Орналастырылған заттардың арасымен тұзу, «жылан» жорғалау дағдыларын жетілдіру, допты лақтыру, домалату дағдыларын бекіту.

3.Тепе-тендікті сақтай отырып, бөренелермен, тақтайлармен жүргүзілу дағдыларын жетілдіру; жорғалау дағдыларын бекіту.

Ашық ойындар. Ашық ойындарға қызығушылықты ояту үшін балаларды ойын ережелерін сақтауға, қозғалыстарды үйлестіруге, кеңістікте бағдарлауға үйрету.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Денсаулық құндылығы туралы түсініктерін дамыту; дені сау болуға деген құштарлықты тудыру.

Сауықтыру және шынықтыру әрекеттері. Табиғи факторларды - ауаны, құнді пайдалана отырып, қатайту шараларының кешенін жүргізініз. Құн тәртібіне сәйкес таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз етініз.

Денсаулықты сақтайдын технологиялар. Шығармашылық музикалық гимнастика, тыныс алу жаттығулары, степ-аэробика, созылу ойыны, су-джок доптарымен өзін-өзі массаж.